

Ленин жұл

III ығуына
25-ші жыл
№ 17
(6718)
1944 жыл
Сейсенбі
25 январь
Бағасы
20 тыйын

ҚК(б)П Саяси-Әкімшілік Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

Армия Генералы ГОВОРОВКЕ
Армия Генералы МЕРЕЦКОВКЕ

ЛЕНИНГРАД майданының әскерлері ВОЛХОВ майданы әскерлерінің тікелей көмектесуімен, Мга бағытында шабуылға шығып, немістердің күшті бекіністі қорғану шебін бұзып өтті, сөйтіп бүгін, 21 январьда, немістердің қорғану шебінің қуатты тіректі пункті—МГА қаласы мен маңызды темір жол торабын алды.

Немістердің қорғану шебін бұзып өтуде және МГА қаласы үшін ұрыстарда генерал-лейтенант СВИРИДОВТЫҢ, генерал-лейтенант СТАРИКОВТЫҢ, генерал-майор ПАРАМЗИННЫҢ, генерал-майор АБСАЛЯМОВТЫҢ, полковник ПАПЧЕНКОВНЫҢ, полковник СОКОЛОВТЫҢ әскерлері, артиллерия генерал-майоры КОРОБЧЕНКОВНЫҢ, артиллерия генерал-майоры БЕЗРУКТЫҢ артиллеристері мен полковник КИСЛИЦЫННЫҢ танкистері көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, ұрыстарда өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер „МГА“ атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 21 январьда, 23 сағат 30 минутте Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зеңбіректен он екі дүркін артиллерия оғын атып, немістердің қорғану шебін бұзып өткен және МГА қаласын алған айбынды әскерлерімізге Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

Ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін дұшпанның қорғану шебін бұзып өтуді жүзеге асырған және МГА қаласы үшін болған ұрыстарға қатысқан, Сіздердің басқаруыңыздағы әскерлердің бәріне АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресте қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншылар құртылсын!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Советтер Союзының Маршалы И. СТАЛИН.

1944 жылғы 21 январь.

Соғыс-теңіз флотының офицерлер составына Советтер Союзының Батыры атағын беру

Неміс басқыншыларға қарсы күрес майданында Командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындап, мұнымен бірге қаһармандық және батырлық көрсеткені үшін ССРС Жоғарғы Советі Президиумының осы жылғы 22 январьдағы Указы бойынша, Соғыс-Теңіз

Флотының бір топ офицерлері составына Советтер Союзының Батыры атағы беріліп, Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалі қоса тапсырылды.

Барлығы 20 офицерге Советтер Союзының Батыры атағы берілді. (ТАСС).

Соғыс-Теңіз Флотының офицерлер, старшина және қатардағы составына Советтер Союзының Батыры атағын беру

Керчь бұғазынан өткені үшін, Керчь түбегіне әскер десантын түсіргені және техника жеткізгені үшін, мұнымен бірге қаһармандық және батырлық көрсеткені үшін, ССРС Жоғарғы Советі Президиумының осы жылғы 22 январьдағы Указы бойынша, Соғыс-Теңіз Флоты-

ның бір топ офицерлер, старшина және қатардағы составына Советтер Союзының Батыры атағы беріліп, Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалі қоса тапсырылды.

Барлығы 21 адамға Советтер Союзының Батыры атағы берілді. (ТАСС).

В. И. Ленинді еске түсіруге арналған жыйылыс

21 январьда, облыстық драма театрында, Петропавл қаласының партия, совет, комсомол, профсоюз және қоғам ұйымдары өкілдерінің, өнеркәсіп орындарының, стахановшылары мен совет интеллигенциясының В. И. Лениннің қайтыс болғанына 20 жыл толуына арналған салтанатты қаралы мәжілісі болды.

Президиумге ҚК(б)П облыстық комитетінің секретарьлары Николаев, Конин, Ғалиев, облыстық совет аткомының председателі Тюльков, ҚК(б)П қалалық комитетінің секретарі Дегтяренко жолдастар облыс-

тық, қалалық ұйымдардың және басқа басшылары мен қаланың маңдай алды стахановшылары сайланды.

Жыйылыстың хұрметті президиумына ду қол шапалақтаумен БК(б)П Орталық Комитетінің кеменгер Сталин жолдас бастаған саясаттық бюросының составы сайланды.

Мәжілісте ҚК(б)П обкомының секретарі С. Ғалиев жолдас баяндама жасады. Мәжіліске қатысушылар зор өрлеумен Сталин жолдасқа құттықтау телеграмма қабылдады.

ЛЕНИНГРАД майданының әскерлері ВОЛХОВ майданы әскерлерінің тікелей көмектесуімен, Мга бағытында шабуылға шығып, немістердің күшті бекіністі қорғану шебін бұзып өтті, сөйтіп бүгін, 21 январьда, немістердің қорғану шебінің қуатты тіректі пункті МГА қаласы мен маңызды темір жол торабын алды.

Жеңімпаз Қызыл Армиямыздың батыр жауынгерлерінің даңқы артсын!

Көктем егісіне үлгілі әзірленейік ЕГІСКЕ ОЙДАҒЫДАЙ ӘЗІРЛЕНУДЕ

Октябрь ауданындағы «Кенес» колхозының (председателі Ыбыраев жолдас) мүшелері көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын ерте қолға алып, қазірде бұл жұмыстардың планын толық орындауға жуық. Колхозда үгіт-көпшілік жұмыстары ойдағыдай өрістетілді. Оқу үйі колхозшы шаруалардың мәдени-ағарту орталығына айналдырылды. Мұнда колхозшыларға дауыстап газет, журналдар оқылады, жйі-жйі өндірістік кеңестер өткізіледі. Қабырға газеті үздіксіз шығарылады. Оқу үйінде «көрсеткіштер тақтасы» бар. Мұнда алдыңғы қатарлылардың іс пәжірибесі толық жазылып, жұмыста артта қалғандар сыналады. Колхозда агротехника оқуы ұйымдастырылды.

Осылардың нәтижесінде колхоз 1000 центнер тұқым кұйып, оны толық тазартты. Қазірде бұл тұқымның өңгіштігін тексеру ісі қызу жүріп жатыр. Колхоз ұсталары ауылшаруашылық құрал-саймандар мен

әбзелдер ремонттау жөніндегі планын толық орындады. 18 соқа, 2 тұқым сепкіш, көптеген тырма, жарма, арба және басқа әбзелдер ремонтталды. Колхозда егіс алаңына қар тоқтату, тыңайтқыш заттар дайындау жұмысының планы толық орындалды.

Көктемгі егіске әзірлік жөніндегі бригаданың мүшелері стахановтық еңбек үлгісін көрсетті. Темір ұстасы Тілеукабылов жолдас қажырлы еңбек істеп, ауылшаруашылық құрал-саймандарының деркесінде әрі сапалы ремонттаудың қамтамсыз етті. Ол өндірістік тапсырманы әрдайым 150—200 процент орындайды. Колхозшылар Ысмаилов Мекен және Оспанова Марғиза жолдастар тұқым тазартуда үнемі 2 норма орындайды.

—Көктемгі егіске толық әрі сапалы әзірленіп, егіннен мол өнім алудың негізін жасаймыз,—дейді колхозшылар.

МАРЬЕВКА (Өз тілшімізден).

Комсомолецтер егіске әзірлікте үлгі көрсетуде

Келлер ауданындағы «Власть труда» ауылшаруашылық артелі жанындағы бастауыш комсомол ұйымы (секретарі Льфарова жолдас) да комсомол жұмысын соғыс талабына сай жүргізуде. Олар колхоз өндірісінің қай тарауында болса да еңбек үлгісін көрсетіп жүр. Қазірде комсомолецтер алдағы көктем егісіне әзірлік жұмыстарын мейлінше күшейтуде. Олар әсресе ауылшаруашылық құрал-саймандармен әбзелдерді ремонттау, тұқым әзірлеу және жергілікті тыңайтқыш заттар дайындау жұмыстарына белсене қатысып жүр.

Комсомол ұйымы колхозшылар

арасында үгіт-көпшілік жұмыстарын күшейтуде.

Әрбір бригадалар мен фермалар үшін үгітшілер бөлінген. Сүт фермасында жұмыс істеуші үгітші-комсомолка Люба Киселева жолдас тамаша үлгі көрсетіп жүр. Ол мал қыстату маусымы басталғаннан бері мал өсірушілер арасында 15 рет өңгіме өткізді. 10 рет жауынгерлік листок шығарды. Бұл листовкаларда мал өсіру жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктер жазылды.

Е. РАДЧЕНКО,

ҚЛКЖС облыстық комитетінің нұсқаушысы.

„Қарлы көл“де егіске әзірлік қызу

Көкшетау ауданындағы «Қарлы көл» ауылшаруашылық артелінің (председателі Дүйсенбаев жолдас) колхозшылары көктем егісіне әзірлік жұмыстарын зор ұйымшылдықпен жүргізді. Колхоз егіске керекті ауылшаруашылық машиналарын және басқа әбзелдер ремонттау планын толық орындады. Ремонт жұмысын да 80 жастағы колхозшылар Әлжанов және Мұқаш еңбек үлгісін көрсетті. Олар аз уақыттың ішінде 50 жарма, 50 жетек, 25 борона, 2 тұқым сепкіш, 7 соқа, 16 арба ремонт

тап шығарды. Ремонт сапасы ойдағыдай.

Колхозда тұқым кую, қар тоқтату, жергілікті тыңайтқыш заттар дайындау жөніндегі план толық орындалды. 552 центнер тұқым тазартылып, шығымдылығы тексерілді. 297 гектар алаңға қар тоқтатылды. Бұл жұмыста колхозшылар қажырлы еңбек істеді. Колхозшылар Ерденева, Есенбаева, Мухамеджанова және Зайцева жолдастар тұқым тазартуда күнделік нормаларының үнемі артырылғанын орындайды.

Ш. ҚҰСАЙНОВ.

ЗОР ӘЗІРЛІКПЕН ҚАРСЫ АЛМАҚ

Полудень ауданындағы Тоқушы совхозында тракторлар мен ауылшаруашылық тіркеу саймандарын ремонттау ісі қызу жүргізілуде. Қазірде 12 трактор, 20 ат соқасы, 135 борона және 7 тұқым сепкіш ремонтталды.

Пудовикова жолдасын басқаруындағы бригада құрал-саймандарды ремонттауда тапсырманы үнемі

150—200 процент орындайды. Токарь Осипенко жолдас смена сайын 2 норма орындап жүр. Қосалжы бөлшектерді қайта жанғырту ісінде жұмыс істеуші Мойсеевко жолдас күнделік жұмыс нормасын үнемі 150 процент орындайды.

Совхоз коллективі көктем егісін зор әзірлікпен қарсы алмақ.

М. БЕКЖАНОВА.

СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН

21 ЯНВАРЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІНЕН

21 январьда КРАСНОЕ СЕЛОНЬ Н оңтүстік-батыс жағдайда әскерлеріміз шабуыл жасап отырып, ОВО, ВИТИНО, РЯХМОЗ, КЕЛДЗИ, ПЕЛДЯ, РЯХКЕ, МАЛДИЯ, РУСКОНОСОЦК, Е. ТЕЛЗИ, ЛАГОЛА, ЕЛАЙЗИ, СКЕОРИЦЫ, АРОПАККОЗИ, МАЛАЯ ИВА-А елді пункттерін алды. Әскерлеріміз болып өткен тарда неміс-фашист әскерлері бөлімдерінің негізгі ерінен бөлініп, қоршауда қалған әскер топтарын тегіс

ТОСНОНЫҢ солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз алға шықты және дұшпанның қарсылығын жеңіп, қаласы мен темір жол торабын алды. Ұрыс жүргізе отырып, ПЕТРУШИНО, ПАВЛОВО, МУСЛОЛОВО, ЦНИГРИ, ОДОВО, Т-ЭСТОНСКИЙ поселкесі, МИХАЙЛОВСКИЙ кесі, ТОРТОЛОГО, МИШКИНО, СЛАВЯНКА, КАРБУ-ЛОДВА, БИЯГОЛОВО елді пункттері мен АПРАК-темір жол станциясын алды.

22 ЯНВАРЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІНЕН

КРАСНОЕ СЕЛОНЬ Оңтүстік-батыс және оңтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды, Ұрыс жүргізіп, 40тан аса елді пунктті, оның ішінде ТРУДО-ПЕРЕЯРОВО, ВОЛКОВИЦЫ, НИКОВИЦЫ, БОЛЬ-ОНДРОВО, КАСТИНО, ПИТКЕЛЕВО, КУЙДУЗИ, РОУ-ВО, КЕЗЕЛЕВО, ЮЛЯ ПУРСКОГО, ПОКИЗЕЯ-ПУРС-БОЛЬШАЯ ИСТИНКА, ТАЙЦЫ, НОВАЯ ПУДОСТЬ, ЛОВО, МАЛОЕ ПЕГЕЛЕВО, АЛЕКСАНДРОВСКОЕ, ЕВО, КОЗОВО, ПЕНДОЛОВО, КОМОЛОВО, БАБОЛО-ді пункттері мен ТАЙЦЫ және ИЖОРА темір жол

ТОСНОНЫҢ солтүстік және солтүстік-батыс жағын-керлеріміз Ұрыс жүргізе отырып, алға басты, сөйтіп аса елді пунктті, оның ішінде ОТРАДНОЕ, РОЖДЕСТ-О, ПЕ-ЕВОЗ, ВОСКРЕСЕНСКО, ЗА-ОЖЬЕ, ВОЙТО-ПУДОЛОВО, СИГОЛОВО, СОЛОГУБОВКА, ЛЕЗЬЕ, ОВО, ТУРЬШКИНО, МУЯ, СТАРО ТИНО, ЕРЗУНОВО, ОЛОВО, МАДУКА, БЫРЗОВКА, ШАТКИ елді пун-ті мен ПЕЛЛА, СОЛОГУБОВКА, ТУРЬШКИНО, МАДУК

23 ЯНВАРЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

23 январьда КРАСНОЕ СЕЛОНЬ Оңтүстік-батыс жағдайда әскерлеріміз шабуыл жасауда Ұрыстар зуде болды, бұл ұрыстардың барысында бірнеше пунктті, оның ішінде МАЛОЕ ЖАБИНО, БОЛЬШОЕ-НО, ЕЛЫЗЛИГО, БОЛЬШЕ ТУТАНИЦЫ, МАЛЫЕ-НИЦЫ, МУСЛОЛОВО, АККОЛОВО елді пункттерін

ТОСНОНЫҢ солтүстік және солтүстік-шығыс жағын-керлеріміз Ұрыс жүргізе алға басып, НИКОЛЬСКОЕ, Я ДЕРЕЕНЯ, 2-УЛЬЯНОВСКИЙ поселкесі, ГЛРТСЕО, ОВО, КИРСИНО, СТАГОСОВО, КАНТУЛИ, НИЧЕ-Б, НУРМА елді пункттері мен ПУСТЬНЬКА темір-танциясын алды.

КИРИШИЛИН батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда Ұрыстар жүргізіп, бұл ұрыстар-барысында БЕЛОВО, КОСОВО, ГЕАНОВСКОЕ, ВАСЬ-А, НИВЫ, СМЕРДИНКА, КОСОВО, ДУБОВИК, ЛИПОВИК, ЗОБИК, МИХОЛОВО, ЛЕШЕНА, ТУРЬШКОЕ, ОСТРОВ, НЦЫ, ЛЕШЕ, БОЛОСЬЕ, ТЕХОВО елді пункттері

сное Село қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Н. құрамасының дері дұшпанның оқ ата көрсеткен-лығын және және қарсы атакаларын-ра отырып, бірсыпра елді пунктті-Бұл пункттер үшін болған ұрыстар-удың 800дей солдатты мен офицер-ды. Немістердің 11 танк пен өздігі-жүретін еңбірек, 52 автомашина-басқа олжа қолға түсірілді. Вязеле-данында жүздеген бөлімдеріміз жау-бір батальондай жау әскерін, танк-арсы атағын 12 зеңбірегін жойды-едәуір неміс солдатты қолға түсір-

ноның солтүстік және солтүстік-шы-кағында әскерлеріміз алға басып, ше елді пунктті алды. Дұшпанның-к шептерге бекінбеген болған әске-е жасап қалды. Совет жау әскерлері-лериямыздың көмегімен жауға қа-ссымы беріп, немістерді қуып тас-немістер тозындап кері шегініп-н көп шығынға ұшырады. Н. құра-ын бөлімдері жауды қорғану ше-күшті бекіністі торабын алып, ер-дің 400ден аса автоматты тегін-ж, алардың барлық қару-жарақтарын-түсірді. Екінші бір учаскеде жау-ерлеріміз Пустынька темір жолы-және жеңісті бағыды ете отырып, атаалон гитлершілді жойды. Жаудан-және адамдар қолға түсірілді.

ишиндің батыс және оңтүстік-батыс-нда әскерлеріміз дұшпанның күшті

НОВГОРОДТЫҢ батыс жағында әскерлеріміз шабуыл-ды өрістете отырып, бірнеше елді пунктті алды және-НОВГОРОД қаласының батыс жағында дұшпанның негізгі-күштерінен бөлініп, тоғай ішінде қоршауда қалған әскер-топтарын жойды.

КАЛИНКОВИЧИДІҢ солтүстік-батыс жағында әскер-леріміз шабуыл жасауда Ұрыстар жүргізіп, бұл ұрыстардың-барысында Полесье облысының ОЗАРИЧИ аудан орталығын-және басқа бірнеше елді пунктті, оның ішінде НИХОС-ТРОВ, РЫЛОВ ИЧИ, ХОМИЧИ, ВИША, САВИЧИ, БЕРЕЗНЯ-КИ, ПЕСКИ, КАПЛИЧИ елді пункттерін алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді-артиллерия-миномет атысы болып тұрды және бірсыпра, пункттерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

20 январьда әскерлеріміз барлық майдандарда неміс-тердің 51 танкін қыйратты, жойды.

СА темір жол станцияларын алды. Әскерлеріміз КИРИШИ-МГА-ЛЕНИНГРАД темір жолын дұшпанның толық тазарт-ты.

НОВГОРОДТЫҢ батыс жағында әскерлеріміз дұш-панның негізгі күштерінен бөлініп, қаланың батыс жағын-дағы тоғай ішінде қоршауда қалған әскер топтарын жой-ды. Ұрыс жүргізе отырып, ЗАКЛИНЬЕ, СУТОКИ, ДУБНЯ-елді пункттері мен ТАТИНО темір жол станциясын алды.

КАЛИНКОВИЧИДІҢ солтүстік-батыс жағында әскер-леріміз бірнеше елді пунктті, оның ішінде МАРМ-ВИЧИ, ЛЕСЕЦ, СОЛОВЕЙКА, ДУБНЯКИ, ПЕРЕКУТОВСКИЙ, ВОРО-ТЫНЬ, КАПЛЕЦКИЙ, КРОТОВ елді пункттерін-алды.

Майданның басқа учаскелерінде бірсыпра пункттер-де жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

21 январьда әскерлеріміз барлық майдандарда неміс-тердің 45 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында-және зенит артиллериясымен дұшпанның 18 самолёті-атып түсірілді.

мен ТИГОДА темір жол станциясын алды. Әскерлерімі-ГОЛХОВ өзенінің шығыс жағалауында қауырт атака жа-сап, немістердің ГРУЗИНО ауданындағы табан тірейтін-позициясын жойды.

НОВГОРОДТЫҢ солтүстік-батыс және батыс жағын-да әскерлеріміз бірнеше елді пунктті алды.

МОЗЫРЬДІҢ батыс жағында әскерлеріміз Ұрыс жүргі-зе отырып, Полесье облысының ЛЕЛЬЧИЦЫ аудан-лығын және ГРЕДРЯКА, ОСОВЕЦ СКОЛОДИНА, ОТРО-ЖАНКА, УБОРСКАЯ РУДНЯ, ЗАРУБАНЫ, БУЙНОВИЧИ, СИДНОВ, МАНЧИЦЫ, ЗЛОДИН, ВЕТВИЦА, СИМОНОВИЧИ-елді пункттерін алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді-артиллерия-миномет атысы болып тұрды және бірсыпра-пункттерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

21 январьда әскерлеріміз барлық майдандарда неміс-тердің 21 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында-және зенит артиллериясымен дұшпанның 12 самолёті-атып түсірілді.

Баренцово теңізінде авиацияның дұш-панның 6.000 тонналық транспортын су-батырды.

Николаев облысында қыймыл жасау-шы „Қырап“ партизан отряды январьдің-бас кезінде неміс гарнизонна тап еріп, 40 гитлершілді жойды. Совет партизан-дары 17 январьға қараған түнде бүркеме-леніп, неміс лагеріне жақын келді де-жауын күзешілерін жойды, сөйтіп тұт-қындағы 418 қызылскер мен бенбит аза-маттары азат етті. Азат етілген совет-патриоттары партизан отрядына қосылды.

Немістердің 14-жау әскер дивизиясы-ның 11-полкіндағы 5-ротаның қолға түсі-рілген обер-ефрейторы Герман Вальд бы-лай деді: „Жауыра мен Германияға ба-рып, Берлиннің бомбаландығын көр-дім. Поезд Силезия вокзалына келген-кезде әуе дабылы қағылды. Біз барлығы-мыз бомбалап сақталатын үйге тығылды-қ. Мұнда үш сағат бойы отырдық. Түнде ме-сол аттар бірге кіші бір поездға отыр-ушын ағылты вокзалына бардық. Трамвай-және жер астында жүретін поездар жүр-мейді. Айнала зуылдаған оқ. Ағылты-вокзалында темір жол көпірлері қыйра-ған ықтан және Берлин темір жол тора-бы мүлде бүлінгендіктен поездардың ж-мейіндігі мәлім болды. Берлиннің адам-дары қаладан қанып шығып отырды. Көп-теген кәсіп орындары жұмыс істемейді. Егер шабуыл бұдан былай бола берсе, Берлинде тіршілік етуге мүлде болмас“.

Мозырь қаласының батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда Ұрыстар жүргізіп, Партизандардың белсене көрсеткен көме-гімен Н. құрамасының бөлімдері Полесье-облысының Лельчицы аудан орталығын-бүркесілеп тұрған неміс гарнизонын тар-қап алды. Жау әскерлеріміз бұл елді пункт-ті алып, жаудан олжа және адамдар қол-ға түсірді. Атты әскер бөлімдеріміз дұшпанды бірнеше елді пункттен қуып-шығарды. Совет атты әскерлері бір елді-пункті аларда немістердің 500дей солдаты мен офицерін кескілеп өлтірді, жаудан-мүлік және азық-түлік қойылған складтар-ды, түрлі жүк тиелген көлі ат-шананы қолға түсірді.

МАЛ ҚЫСТАТУ ҮЛГІЛІ ӨТКІЗІЛУДЕ

жет ауданындағы «Үлгілі» ауыл-шаруашылық артели (председателі-Жекпаев жолдас) быйылғы жы-иал қыстату маусымын зор әзір-ен қарсы алды. Колхозда пішен-ұп-паны деркезінде артығымен-адалды. Оның жартысынан кө-мал базаларына тасып алды. қоралары толық ремонтталды. рде колхоз малдары күйлі,

Малға уақытында шөп салынып, суа-рылады. Ферма малшылары Байма-ғанбетов, Қасенова жолдастар-қоғамдық малды мәпелеп күтуде ең-бек үлгісін көрсетіп жүр. Олар өз-дерінің күтіміндегі жас төлдерді ең-бір шығынсыз мәпелеп өсірді.

Мұнымен бірге колхозшылар көк-гем егісін сақдай-сай әзірлікпен-қарсы алу үшін күш жұмсауда. Қа-

зірде олар егіске керекті ауылшаруа-шылық құрал-саймандарды толық-ремонттады. Жергілікті тыңайт-қыш заттар әзірлеу жұмысы да ой-дағыдай жүргізіліп жатыр. Қазірдің-өзінде 175 тонна күс қыйы, 7 цент-нер күл дайындалды. 338 гектар егіс-алаңына қар тоқтатты.

Н. ШАЙКЕНОВА.

Колхозшылардың патриоттық ісі

Біздің ауыл советтің қамтуында 4 қалхаз бар. Бұлардың барлығында да мемлекетке астық және картоф сатып алу өндірістік зор өр-леумен жүріп жатыр.

Колхозшы шаруалардың мол дәу-летінен мемлекетке астық сату жұмысы әресе «Бағанаты» ауыл шаруашылық артелинде патриот-тық зор өрлеумен жүріп жатыр.

Бұл колхоздың мүшелері өздері-нің меншікті қорларынан мемлекет-ке 50 пұттай астық сатты. Мемле-кетке сатылған астықты колхозшы-лар дереу сельпоға жөнелтіп, онан өздеріне тиісті өндіріс бұйымдарын алды.

Колхоз председателі Құсайынов жолдас өз қорынан мемлекетке едәуір астық сатып, былай деді:

—Бұл патриоттық зор іске аудан еңбекшілері белсене қатысып, мем-лекетке жүздеген пұт астық және картоф сатты. Олардан мемлекет за-райына көптеген жоғары сапалы астық түсіп жатыр. Бұлардан қалыс-пай өз үлесімзді бізде берейік. Бұл біздің патриоттық борышымыз.

Сельпо бөлімшесінің қызметкер-лері мен колхоз комсомолерлері кол-хозшылар арасында үгіт-көпшілік жұмыстарын ойдағыдай жүргізді. Парменді үгіт өзінің зор нәтижелерін берді.

Колхоз есепшісі Мизенбаев жол-дас бұл игілікті істе зор белсенді-лік көрсетті. «Мен быйыл өзімнің адал еңбегіме алған еңбек күндерім үшін колхоздан бірсыпра астық ал-дым. Артық астығымды мемлекетке сатып, еліміздің астық қорын есе-леп молайту—патриоттық борышым деп есептеймін» — деді Мизенбаев жолдас. Ол өзінің мол дәулетінен мемлекетке 3 пұттай астық сатты.

Колхозшылар Бекназаров жолдас өзінің меншікті қорынан мемлекетке 2 пұт астық, Мырзахметов жолдас 1,5 пұт астық сатты.

Ауыл советтің қамтуындағы кол-хоздарда мемлекетке астық және картоф сату ісі кеңінен өрістеуде.

Ш. ӘУБӘКІРОВ.

Октябрь ауданындағы «Кенес» ауыл советінің председателі.

222 пұт астық сатты

Көкшетау ауданындағы «Қарлы көл» ауылшаруашылық артелидегі-бастауыш комсомол уйымының мү-шелері «Қара өзек» жастарының патриоттық шақыруына нақтылы іс-пен жауап беріп, өздерінің мол дәу-леттерінен мемлекетке астықты не-ғұрлым мол сатты. Олар өздерінің меншікті қорларынан мемлекетке 222 пұт астық сатып, зор патриот-тық көрсетті.

Комсомолерлер Байтасова, Құсай-нов жолдасар өз запастарынан мемлекетке әрқайсысы 30 пұт ас-тық сатты, Бегемов, Ақыпов, Нар-баева және басқа жолдастар мем-лекетке әрқайсысы 20 пұт астық сатты.

КӨКШЕТАУ. (Өз тілшімізден).

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

Петропавл депосына аға бухгалтер, балық аулаушылар, дайын-даушылар керек. Адрес: Петропавл депосы.

ТВ 00173.